



Автор: Шаяхметова Бибизия Сандибековна

Пән: Математика

Сынып: 1-сынып

Бөлім: Екі таңбалы сандар



Тақырып: Екі таңбалы сандарды салыстыру сандар

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	1.1.1.2 ** 11-ден 20-ға дейін сандарды оқу, жазу және салыстыру 1.1.1.3 **20 көлеміндегі сандардың разрядтық құрамын анықтау, разрядтық қосылғыштарға жіктеу натурал сандар және нөл санының құрылу жолын түсінеді; 10/11-20 көлемінде тура және кері санайды; натурал сандар қатарындағы орнын анықтайды; 11-ден 20-ға дейінгі сандарды оқиды, жазады және салыстырады; 20 көлемінде сандардың разрядтық құрамын анықтайды, разрядтық қосылғыштарға жіктейді.
Сабақтың мақсаты:	Оқушыларды екі таңбалы сандарды оқуға, жазуға және құрастыруға үйрету.
Тілдік мақсаттар:	"Артық," "кем", "тең" біліктер, ондықтар сөздерін қолдану дағдысын қалыптастыру.
Күтілетін нәтиже:	Білім алушылар екі таңбалы сандар қатарын және сандар құрамын үйренеді. 11- ден 20 -ға дейінгі сандарды салыстыра біледі. Қанша артық, қанша кем екендігін түсіндіріп айтады. өлеңмен берілген есептерді аузша есептей алады.
Бағалау критерийлері:	Сандар қатарын дұрыс жазады; Сандар құрамын айыра алады; Сандардың көршілерін табады; Разрядтық қосылғыштадың қосындысы түрінде жазады, Сандарды салыстыра алады;
Құндылықтарды дарыту:	Бірін- бірі тыңдау. Достық қарым-қатынастарын жетілдіру.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	интернет желісі https://bilimland.kz/kk
Пәнаралық байланыс:	дүниетану , музыка
Бастапқы білім:	Қосудың орын аустырымдылық қасиеті

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	<p>Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру шаттық шеңбері С.1.</p> <p>Өсеміз біз күліп-ойнап, Он</p> <p>саусақтың саласындай,</p> <p>Өсеміз біз күліп-ойнап,</p> <p>Бір адамның баласындай.</p> <p>– Балалар, бір-біріміздің қолымыздан ұстап, алақан арқылы жүректің жылуын сезініп үйренген қандай тамаша, қандай қуаныш!</p> <p>Ж.1.Оқушылар жұппен 11- ден 20 –ға дейінгі сандарды ойлап және оны қағазға жазуды сұраймын. Т.2. шағын топтарға бірігіп жазған сандарын ламинатталған қағаздарға салыстырып жазады</p> <p>1 топ 11,12,13,</p> <p>2 топ 14, 15,16,</p> <p>3 топ 17,18,19,</p> <p>4 топ 20,19,18,</p> <p>5 топ 12, 15, 19.</p> <p>Дикриптр: Сандар қатарын дұрыс жазады; Берілген сандарды топта салыстырады.</p>	<p>Image not found or type unknown</p>

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (20минут)	<p>.Екі таңбалы сандар құрамы бейне жазба тыңдау. 11- ден 20 – ға дейінгі сандар құрамын анықтау.Тапсырмалар, мен жаттығулар орындау.</p> <p>Ж.Жұмыс парағын жұппен орындайды.</p> <p>Дискриптр -11- ден 20 ға дейінгі сандар қатарын біледі; -Сандар құрамын айыра алады;</p> <p>С.Оқулықпен жұмыс: Қарындаштар . Оқушылар оқулықтағы иллюстарцияны қарайды және қойылған сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Жауабы; Қарлығашта 14, Асхаттаа 17 қарындаш. Асхаттың қарындашы артық, 3-ке артық, Д.Мәшинелер жарысы ламинатталған қағаз бетіне орындайды.жұппен өзара тексеру жүреді. Жауабы: а) $15 > 12$, ә) $13 < 19$. б) $9 < 18$. в) $20 > 10$</p> <p>С. Ойлан,тап Неше жаңғақ?</p> <p>1.Портфелімде әуелі, Он үш жаңғақ бар еді. Екі - екіден тараттым. Науат пенен Сағатқа, Самат пенен Маратқа. Апасына Қанаттың, Екі-екіден тараттым. Айта қойшы, ал жаным.</p> <p>2. Барлығы қанша зат? Дүкеннен сабын алдым, Оның және қабын алдым Екі дәптер, бір қарындаш Өшіргішті тағыда алдым. Есептеші сонда бәрі Қанша болды, қолда бары? сергіту жаттығу;</p> <p>Қағазға жазылған тірек сөздерді көрсеткенде оқушылар түрлі қимылдар көрсетеді. «Артық» - оқушылар аяқтарының ұшына тұрып қолдарын жоғары көтереді. «Кем»- жүрелеп отырып тізесін қолымен құшақтайды. «Тең» - дегенде қолдарын жанына қойып тұзу тұрады.</p>	<p>https://bilimland.kz/k</p>

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
<p>Сабақтың соңы (10 минт)</p>	<p>Д. Тест.</p> <p>1. Әр санның көршілерін жаз. 12 15 18 20</p> <p>2. Санды разрядтық қосылғыштардың қосындысы түрінде жазып көрсетіңіз</p>  <p>3. Сандарды салыстырыңыз. > , < , = таңбаларының тиістісін қойыңыз. 19* 18 20* 19 1 2* 14 15*15</p> <p>Дискриптр Сандардың көршілерін табады; Разрядтық қосылғыштадың қосындысы түрінде жазады, Сандарды салыстыра алады;</p>	<p>Image not found or type unknown</p> 
<p>Рефлексия (5 мин)</p>	<p>Оқушылар бірнеше сұраққа +; - таңбаларымен жауап береді. Сабақта маған не жеңіл болы? Неден қиналдым ? Екі таңбалы сандарды салыстыра аламын ба?</p>	
<p>Сабақ</p>	<p>1 сынып математика пәнінен Екі таңбалы сандар бөлімінде 11- ден 20 -ға дейінгі сандардың жазылуы және сандардың құрамын оқушылар меңгерді.</p>	